



EXPO 2017
• Future Energy •
Astana Kazakhstan

ISSN 1563-0307 • Индекс 75875; 25875



KazNU Science • ҚазУУ Ғылымы • Наука ҚазНУ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ФИЛОСОФИЯ СЕРИЯСЫ, МӘДЕНИЕТТАНУ СЕРИЯСЫ,
САЯСАТТАНУ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ФИЛОСОФИЯ, СЕРИЯ КУЛЬТУРОЛОГИЯ,
СЕРИЯ ПОЛИТОЛОГИЯ

JOURNAL

OF PHILOSOPHY, CULTURE AND POLITICAL SCIENCE

4(62) 2017

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім Раздел 1 Философия Философия

<i>Әмірқұлова Ж.А., Рыскиева А.Ә.</i>	
Қазақ халық философиясының болмыстық тегі мен танымдық негіздері	4
<i>Ashilova M.S., Begalinova K.K., Begalinov A.S.</i>	
About some peculiarities of the convergence of western and eastern systems of education in the conditions of globalization.....	14
<i>Бейсенов Б.Қ., Юлдашев Т.У., Мұқан Н.</i>	
Әл-Мәтуриди мен әл-Ашғари сенімдеріндегі бақыт және бақытсыздық түсінігі.....	23
<i>Есім Ғ., Оралбай Қ.</i>	
Құндылықтар табиғаты және адам мен әлем болмысындағы орны	31
<i>Карабаева А.Г., Исмагамбетова З.Н.</i>	
Медиа и дискурс о толерантности.....	37
<i>Қайратұлы С., Құранбек Ә.</i>	
Ғағыстық модернизация теорияларының тарихи-философиялық тәжірибелері.....	45
<i>Мендыбаев С.К., Мажиденова Р.М., Кантарбаева Ж.У.</i>	
Апология и этика оправдания	53
<i>Нуршыева Г.Ж., Кошербаев Ж.А., Момбек А.А.</i>	
Философские основания мультикультурализма.....	61
<i>Сүлейменов П.М., Абдихапарова Г.А.</i>	
Әл-Фараби музыка өнерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы туралы	67
<i>Шохаев Е.К., Керім Ш.Т., Әкімханов А.Б.</i>	
Мухаммед бин Абдулаухабтың көзқарастарындағы тәкфирлік идеяның алғышарттары (Күмәндарды әшкерелеу (Кәшф әш-шубухат) трактатының негізінде)	75
<i>Khassanov M.Sh., Petrova V.F., Shaidulina D.</i>	
Value priorities of education of Kazakhstan in the context of globalization of higher education	86

2-бөлім Раздел 2 Мәдениеттану Культурология

<i>Абжет Б.С., Жумашиова Ж.А.</i>	
Традиции и обычаи казахского народа по случаю рождения ребенка.....	96
<i>Абдраслов Т.Қ., Қалдыбай Қ.Қ., Нурматов Ж.Е.</i>	
Діни толеранттылық және оның қоғамды біріктірушілік қызметі.....	109
<i>Аманкулов Т.О.</i>	
Кенес өкіметінің мұсылмандық оқу орындарына қатысты жүргізген саясаты туралы	120
<i>Әлтаева Н.С., Затов Қ.А.</i>	
Қазақстандағы мормондар шіркеуі	127
<i>Бейсенов Б.Қ., Игисенова А.Р.</i>	
Жаһандану жағдайында ТМД елдеріндегі мемлекет және дін қатынасы	138
<i>Ержан Қ.С., Махмет М., Дүйсенбаева А.Қ.</i>	
Матуриди ақидасының Ақыт Үлімжіұлы шығармаларында көрініс табуы.....	147
<i>Қасен Г.А.</i>	
Необходимость социально-педагогического сопровождения процесса инкультурации школьников-репатриантов в свете национальной идеи «Мәңгілік ел»	155

Бейсенов Б.Қ.¹, Юлдашев Т.У.², Мұқан Н.³

¹ философия ғылымдарының докторы, доцент, e-mail: otrar68@mail.ru

² курс PhD докторанты, e-mail: al-azhar@mail.ru

³ аға оқытушы, e-mail: Mukan.nurzat@gmail.com

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ӘЛ-МӘТУРИДИ МЕН ӘЛ-АШҒАРИ СЕНІМДЕРІНДЕГІ БАҚЫТ ЖӘНЕ БАҚЫТСЫЗДЫҚ ТҮСІНІГІ

Мақалада ислам ілімі мен мәдениетіндегі әл-Мәтуриди мен әл-Ашғари сенім жүйесіндегі бақыт және бақытсыздық ұғымдары исламтанулық зерттеу тұрғысынан қарастырылады. Авторлар адам бақыты мен бақытсыздығы жайлы әл-Мәтуриди мен әл-Ашғари көзқарастарының ерекшеліктерін пайымдайды. Ислам дінінде бақыт ұғымы кеңінен және жан-жақты түсіндірілген. Ислам ілімінде бақыт кімге берілсе ол адамға барлық жақсылық берілген болып есептеледі. Бақыт кімге берілмесе ол адамға ешбір жақсылық берілмеген болып табылады. Дүниенің материалдық байлықтары адамның өмір сүруін жеңілдетуі мүмкін, бірақ адамды толық бақытты ете алмайды. Бақыт – бұл Жаратушы тарапынан берілетін сый. Әл-Мәтуриди мен әл-Ашғари сенім бағыттары арасындағы бақыт пен бақытсыздық ұғымының айырмашылығы көрінісінің бірі мәтуридилер адамның өмір сүріп тұрған сәтімен өлшесе, ашғарилер адамның соңғы уақыттағы іс-амалдарымен бағалайды. Әл-Мәтуриди адамның өмір сүріп тұрған қоршаған орта оның иманды немесе имансыз болуына әсер ететінін айтады. Қоршаған орта діндар болса, онда сол адам да иманға бейім болады. Егер қоршаған орта дінен алыс болса, онда тәрбиеленіп жатқан адам да діннен алыс болады. Демек, әл-Мәтуридидің ұстанымы бойынша пенденің ақыреттегі бақытты немесе бақытсыз болуы оның өскен ортасына байланысты қарастырылады. Бақытты адам қоршаған орта әсері нәтижесінде бақытынан айрылуы мүмкін. Сондай-ақ, бақытсыз адам да қоршаған орта ықпал-әсері нәтижесінде бақытты болуы мүмкін. Әл-Ашғари сенім бағыты бойынша адамның бұрынғы жағдайы оның бақытты немесе бақытсыз екенін көрсетпейді, пенденің соңғы амалдары оның бақытты немесе бақытсыз екеніне дәлел болады деп көрсетіледі. Егер пенденің соңғы істері имандылықпен аяқталса, демек, оның бұрынғы істері де имандылықта болған деп, пенденің бақытты болуы оның соңғы сәтімен байланыстырады. Егер пенденің соңғы істері дінсіздікпен аяқталған болса, оның өмірі құлшылықтар мен ізгіліктерге толы болса да, оның өмірі имансыздықта өткендігі соңғы сәтпен байланыстырады.

Түйін сөздер: Мәтуриди, әл-Ашғари, ақида, дін, ислам, бақыт, бақытсыздық, иман.

Beisenov B.K.¹, Yuldashev T.U.², Mukan N.³

¹ Doctor of Philosophy sciences, Associated Professor, e-mail: otrar68@mail.ru

² PhD student, Islamic Studies, e-mail: al-azhar@mail.ru

³ Senior Lecturer, e-mail: Mukan.nurzat@gmail.com

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

The happiness and unhappiness concepts in the al-Maturidi and al-Ash'ari beliefs

The article discusses the concepts of happiness and unhappiness in the religious system of al-Maturidi and al-Ash'ari within Islamic research. The authors resonate particularly of al-Maturidi and al-Ash'ari religious beliefs on the happiness and unhappiness of human. In Islam the concept of happiness was studied comprehensively and universally. Happy is a person, gifted with all the benefits in Islamic teachings. Accordingly, the unfortunate man is viewed not received any good. Material goods the world can contribute to a successful life, but can't guarantee happiness. Happiness is a gift of the Creator. The

difference between the concepts of happiness and unhappiness of al-Maturidi and al-Ash'ari beliefs is as follows: if Maturis measure happiness with the current life of a person, Ash'aris appreciate the recent actions of human life. The teaching of al-Maturidi holds that the environment of a person affects his/her faith. If people are pious, that will strengthen his/her faith. Therefore if a person will be surrounded by unbelieving people, he will also be godless. Thus, according to worldview of al-Maturidi a happiness and misery of man in the afterlife is determined by his/her environment in life. Happy people may lose their benefits at the expense of the environment. Also, an unhappy person can become happy as a result of environmental influences. According to the teaching of al-Ash'ari a person's position in life does not show his/her happiness and misery, this is determined by his/her past deeds in life. If the last human actions were good, his/her previous acts will be considered righteous, i.e., his/her happiness is associated with the latest acts in life. Despite the fact that life was full of blessings, happiness will be determined by his/her most recent actions during life.

Key words: Матуриди, аль-Ашари, акида, религия, ислам, счастье, несчастье, вера.

Бейсенов Б.К.¹, Юлдашев Т.У.², Мукан Н.³

¹доктор философских наук, доцент, e-mail: otrar68@mail.ru

²курс PhD докторант, e-mail: al-azhar@mail.ru

³старший преподаватель, e-mail: Mukan.nurzat@gmail.com

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Концепции счастья и несчастья в воззрениях аль-Матуриди и аль-Ашари

В статье рассматриваются понятия счастья и несчастья в религиозной системе аль-Матуриди и аль-Ашари с позиции исламоведческих исследований. Авторы резонируют особенности религиозных воззрений аль-Матуриди и аль-Ашари о счастье и несчастье человека. В исламской религии концепция о счастье рассуждена всесторонне и повсеместно. Счастливым считается человек, одаренный всеми благами в исламском учении. Соответственно несчастным рассматривается человек, не получивший никакого добра. Материальные блага мира могут способствовать успешной жизни человека, но не могут гарантировать счастье. Счастье – это дар Творца. Различие концепций счастья и несчастья между учениями аль-Матуриди и аль-Ашари состоит в следующем: если матуридиды измеряют счастье с текущей жизнью человека, то ашариты оценивают с последними действиями человека в жизни. Учение аль-Матуриди считает, что окружающая среда человека влияет на его веру. Если окружающие люди являются благочестивыми, то будут укреплять его веру. Следовательно, если человек будет окружен неверующими людьми, он также будет безбожным. Таким образом, по мировоззрению аль-Матуриди, счастье и несчастье человека в загробном мире определяются его окружающей средой в жизни. Счастливый человек может лишиться своего блага за счет окружения. Также, несчастный человек может стать счастливым в результате влияния окружающей среды. По учению аль-Ашари, положение человека в жизни не проявляет его счастье и несчастье, это определяется его последними деяниями в жизни. Если последние поступки человека были благими, то и его предыдущие деяния будут рассматриваться праведными, то есть его счастье связывается с последними деяниями при жизни. Несмотря на то, что жизнь была полна благодеяниями, счастье будет определяться с последними действиями человека при жизни.

Ключевые слова: Матуриди, аль-Ашари, акида, религия, ислам, счастье, несчастье, вера.

Кіріспе

Бақыт ұғымы – әрқашанда адамзатты толғандыратын мәңгілік мәселе. Адамзат тарихына көз салсақ, бақыт ұғымы шығыс және батыс ойшылдарының шығармашылық ізденістерінің негізгі өзегіне айналған. Философия адамды бұл дүниеде бақытқа жету жолын қарастырса, дін адамды екі дүниеде бақытқа жету шарттарын ұсынады. Бақыт ұғымы мораль философиясы мен діни этиканың зерттеу аясында қарастырылады. Сондықтан философия мен дін үшін адамды бақытқа жеткізу – бірінші

және негізгі мақсат. Уақыт пен кеңістік аясында адамның бақыт ұғымы жайлы түсінігі мен пайымы әлеуметтік, материалдық, психологиялық, философиялық, діни экзистенциалдық, сотериологиялық тіршілік жағдайымен байланысты қарастырылады. Ибраһимдік діндер бойынша адамның екі дүниеде бақытқа жетуінің кілті монотеизмге негізделген діни дүниетаным шегіндегі тақуалық пен көркем мінезділікпен байланыстырса, ұлттық дәстүрлі діндер ұлттық дүниетаным мен өмір салтпен, моральдық құндылықтар жүйесінде айшықталған. Аспан асты және жер үсті әлемінде адам және

қауымның барлық әрекеттері мен ынта-жігері бақыт ұғымына жету үшін болмақ. Адамзатқа және нақты қауымға бақытсыздықтан құтылу жолын көрсету және пендені екі дүниеде өзін бақытты сезінуге үйрету – пайғамбарларға Жаратушы тарапынан берілген міндет. Пенденің Жаратушы заңы мен бұйрығына сай өмір сүруі бақытқа жақындаудың жолы болып табылады. Философия адамзат дәуірінің квинтэссенциясы ретінде бақыт түсінігін метафизикалық мағынада, шынайы өмірге мән мен сән беруші тұғыр ретінде қарастырады. Ғасырлар бойы Homo sapiens әрдайым бақытқа жету жолдарын іздеуде. 2017 жылы халықаралық Bloomberg агенттігінің жүргізген зерттеуі бойынша әлемнің 13 елінің тұрғындары өздерін бақытсыз санаған, ал 12 ел тұрғындары өздерін бақытты ел қатарына қосқан. Бұл зерттеуде экономикалық көрсеткіштер назарға алынған. 2017 жылы БҰҰ аясында тұрақты даму шешімдер жүйесі бағдарламасында Жер институты жүргізген зерттеуде әлемнің 155 елінің бақыттылық рейтингісін жасаған. Рейтингті құрастырғанда ІЖӨ (ішкі жалпы өнім), өмір сүру ұзақтығы, ертеңгі күнге сенім, тұрақтылық, кеңпейілділік, жомарттық, қауіпсіздік, өзара сенім, отбасылық құндылықтар, жемқорлық сынды мәселелер қамтылған.

Әдіснама

Зерттеудің теориялық негізін исламтану және дін философиясында қолданыс тауып жүрген дәстүрлі әдіснамалық негіздер құрайды. Таңдалған тақырыптың мәнін ашуға бағытталған тарихилық пен логикалықтың бірлігі, салыстырмалы сараптау, құрылымдық-функционалдық, герменевтикалық, аксиологиялық және концептілік талдау әдістері де қолданылды. Исламның негізгі қайнарқоздері – Құран және сүннетке сүйенетін усул ад-диннің өзіндік әдіснамасының тәсілдері, ханафилик-матуридилік бағыттағы ислам ғұламаларының әдістері кеңінен пайдаланылды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Философия тарихында бақыт ұғымын адам өмірінің ең жоғарғы мақсаты ретінде зерделейтін ілім эвдемонизм деп аталатыны белгілі. Бақыт ұғымын антика дәуірінің философтары ыждағатты түрде зерделеді. Эпикур бойынша бақыт – бұл жан тыныштығы [1], Марк Аврелийдің пайымдауынша бақыт – жанның

ізгі амалдарға құштарлығы [2]. Аристотель «Никомахтық этикасында» бақыт дегеніміз өмірдің мәні мен мағынасы [3], адам тіршілігінің негізгі мақсаты дей келе, бақыт адамның өз өміріне қанағат ету дегенге тұжырымға келеді. Отырарлық ойшыл бабамыз әл-Фараби шығармашылық мұрасында өзекті мәселе – бақыт мәселесі «Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде... адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында» [4] – деп адамның бақытты болуға ұмтылуы, ең алдымен, ізгілік пен қайырымдылықты игі мақсат ретінде ұстануды айтады. Бақытты болуға кедергі келтіретін мінез-құлық ұсқынсыз және қайырымсыз әрекеттерден туындайды. Қайырымды халық басқаларды да бақытты болуға жетелейді. Қай заманда болмасын, қандай қоғамда болмасын адамдар бір-бірілеріне бақ пен бақыт тілеген. Түркі ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасында төрт ізгі қасиеттің бірі – бақыт. Бақыт негізгі этикалық мұрат ретінде пайымдалады.

«Үл-қызына әдеп үйрет, білім бер, қос жалғанда бірдей көріп күлімдер»

Қабылиса жырау бақыт ұғымын өнегелі тәрбиемен байланысты қарастырады.

Бақыт, қайда барасың?

Қызы мен ұлы ибалы,

Ата-анасын сыйлайтын,

Сондай үйге барамын [5, 303 б.].

Ислам дінінде бақыт ұғымы кеңінен және жан-жақты түсіндірілген. Ислам ілімінде бақыт кімге берілсе, ол адамға барлық жақсылық берілген болып есептеледі. Бақыт кімге берілмесе, ол адамға ешбір жақсылық берілмеген болып табылады. Дүниенің материалдық байлықтары адамның өмір сүруін жеңілдету мүмкін, бірақ адамды толық бақытты ете алмайды. Бақыт – бұл Жаратушы тарапынан берілетін сый.

Ислам дінінде сенім (иман) мәселелері бойынша әһли сүнна уәл жамағат сенім бағытының ұлы имамдары Имам Әбу Мансур әл-Мәтуриди және Имам Әбу әл-Хасан әл-Ашғари сенім бағыттарының бақытты адаммен бақытсыз адам ұғымына байланысты ұстанымдары Құран аяттары және хадистермен қуатталған.

Мұсылман ойшылдары бақытты адамның сипатына кеңінен тоқталып, иманды, нарифат талаптарына амал ететін, адамдарға жақсылық жасайтын, өзіне және қоғамға зиян болатын істерден алыс болатын және көркем сипаттарға

ие болған адамдарды бақытты адамдар қатарына жатқызады. Сонымен қатар, бақытсыз адам ұғымына имансыз, діннен қашық, өмірі мәнсіз, адамдарға жақсылығы жоқ, жамандықты ұстанатын және қоғам тарапынан айыпталынған дертті қылықпен сипатталатын адам деп түсіндіреді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Бес парыз» атты елеңінде:

Бес нәрсе бізге бұйрық бір Алладан,
Ықыласпен қылу керек білген адам.
Кетпейді күн туғанда көзі жастан,
Дүниеде бейпіл босқа күлген адам [6, 166 б].

Негізгі бөлім

Ислам дінінің сенімдерін кері ағымдардан қорғап қалған ұлы ғалым әл-Мәтуриди бақыт жайлы былай дейді: «Бақытты көрініске ие болған адам соңында бақытсыз да болуы мүмкін. Сол сияқты бақытсыз көрініске ие болған адам соңында бақытты болуы мүмкін» [7, 78 б]. Яғни бақыт пен бақытсыздық ұғымы мен мән-мағынасы уақыт өлшеміне сай өзгеруі мүмкін. Бақытсыз адам уақытымен бақытты болуы және бақытты адам уақытымен бақытсыз болып қалуы мүмкін.

Әл-Мәтуриди сенім бағыты бойынша бақыт түсінігін имандылықпен байланыстырылса, ал бақытсыздық ұғымын дінсіздікпен байланыстырады. Демек, адамның өмір сүріп жатқан сәтіндегі діни жағдайымен бағалайды. Баршамызға белгілі, мұсылман адамның жалған дүниеден дінсіз болып кетуі де мүмкін және дінсіз адамның фәни дүниеден бақи дүниеге иманмен кетуі де мүмкін.

Әл-Ашғари сенім бағыты бойынша бақытты мен бақытсыздық түсінігі өзгермейді. Себебі әл-Ашғари сенім бағыты бойынша бақытты болу мен бақытсыз болу ақыретке көшу сәтімен өлшенеді. Кімде-кім соңғы сәтінде иманды болған болса, онда ол ақыреттегі бақытты жандармен бірге болады, ал кімде-кім соңғы сәтінде дінсіз болған болса, онда ол ақыретте бақытсыз жандармен болады деп ақыреттегі бақытты адам мен бақытсыз адамның жағдайын соңғы сәтімен өлшейді.

Әл-Мәтуридиден әл-Ашғари сенім бағыттары арасындағы бақыт пен бақытсыздық ұғымының айырмашылығы көрінісінің бірі мәтуридилер адамның өмір сүріп тұрған сәтімен өлшесе, ашғарилер адамның соңғы уақыттағы іс-амалдарымен бағалайды. Әл-Мәтуриди адамның

өмір сүріп тұрған қоршаған орта оның иманды немесе имансыз болуына әсер ететінін айтады. Қоршаған орта діндер болса, онда сол адамда иманға бейім болады. Егер қоршаған орта діннен алыс болса, онда тәрбиеленіп жатқан адам да діннен алыс болады. Демек әл-Мәтуридидің ұстанымы бойынша пенденің ақыреттегі бақытты немесе бақытсыз болуы оның өскен ортасына байланысты қарастырылады. Бақытты адам қоршаған орта әсері нәтижесінде бақытынан айрылуы мүмкін. Сондай-ақ, бақытсыз адам да қоршаған орта ықпал-әсері нәтижесінде бақытты болуы мүмкін.

Әл-Ашғари сенім бағыты бойынша адамның бұрынғы жағдайы оның бақытты немесе бақытсыз екенін көрсетпейді, пенденің соңғы амалдары оның бақытты немесе бақытсыз екеніне дәлел болады деп көрсетіледі. Егер пенденің соңғы істері имандылықпен аяқталса демек, оның бұрынғы істері де имандылықта болған деп, пенденің бақытты болуы оның соңғы сәтімен байланыстырады. Егер пенденің соңғы істері дінсіздікпен аяқталған болса, оның өмірі құлшылықтар мен ізгіліктерге толы болса да оның өмірі имансыздықта өткендігі соңғы сәтпен байланыстырады.

Әл-Мәтуриди тәпсір кітабында Құранда келген аятты былай тәпсірлейді. Құранда:

يَخْرُ اللَّهُ مَا يَشَاءُ وَيُتَبِّئُ وَعِنْدَهُ أُمُّ الْكِتَابِ

«Алла (Т.) қалағанын өшіреді де қалдырады. Негізгі Кітап, Оның қасында» [8, 217 б.].

Аятта Алла Тағала пенденің қалаған күнәсін кешіреді де, қалағанына жақсылық қалдырады. Егер пенденің соңғы сәтінде де қателік жасаса да оны кешіретінін осы аяттан көруге болады. Өйткені адамға берілген өмір туылғаннан сәттен басталып өлгенге дейін жалғасады, осыған орай, пенденің соңғы демі шығатын сәт те – пендеге берілген өмір. Жаратушы қалаған пендесінің күнәсін кешіреді және қалаған пендесінің күнәсін кешірмейді. Шарифат амалдарымен жүрмеген болса, соңынан иманға бет бұратын болса, бұрынғы қателіктері ізгі амалдарға айналдырып жазылады және ақыретте бақытты адамдар қатарында болады. Мәтуридилер осы ұстанымына Құраннан дәлел келтіреді. Құранда:

إِلَّا مَنْ تَابَ وَآمَنَ وَعَمِلَ عَمَلًا صَالِحًا فَأُولَئِكَ يُبَدِّلُ اللَّهُ سَيِّئَاتِهِمْ حَسَنَاتٍ وَكَانَ اللَّهُ غَفُورًا رَحِيمًا

«Бірақ кімде-кім тәубе етсе, сондай-ақ кім иман келтіріп, ізгі іс істесе, міне Алла олардың жамандықтарын жақсылықтарға ауыстырады. Алла өте жарылқаушы, ерекше мейірімді»

[8, 384 б.]. Аяттағы «кімде-кім тәубе етсе» яғни, егер пенде жамандықтардан тыйылып, бақытсыздықтан жақсылық пен имандылық жолына қайтатын болса әрі ізгі амалдар жасайтын болса, олардың бұрынғы жаман істерін Алла Тағала жақсылықтарға ауыстырады. Әл-Мәтуриди бойынша имансыздық – бұл бақытсыздық, ал имандылық бақыттылық болып табылады, бақытсыздықтан бақыттылыққа ауысуы адамның имани жолды таңдауымен болатынын айтады. Осы мәселеде әл-Мәтуриди мен әл-Ашғари сенім мектептерінің ұстанымдары бақытты адам бұл иманмен жалған дүниеден мәңгілік дүниеге аттанған пенде, ал бақытсыз адам имансыздықпен көз жұмған адам екеніне көз жеткіземіз.

Әл-Мәтуриди мен әл-Ашғари ғұламалардың арасындағы тартыс пенденің соңғы сәтінде болған жағдайы емес, бәлкім адамның бақытты болуымен бақытсыз болуы өзгеретінінде болып табылады.

Әл-Мәтуриди сенім мектебінің өкілі Әбу әл-Мұғин ән-Насафи Имам әл-Мәтуридидің ұстанымына қосылып әл-Ашғарилердің пікіріне былай жауап береді: «Әр қандай жағдай ауысуы мүмкін, ол заңдылық» [9, 314 б.]. Денсаулығы бар адам денсаулығынан айрылу мүмкін, кішінің есеюі, бар жоқ болуы, жоқ бар болуы сияқты өзгерістер, бір күйден екінші күйге ауысуы мүмкін. Егер жағдай ауыспайды, бақытты бақытсыз, бақытсыз бақытты болмайды десек қате болады. Өйткені адам баласы дәм-тұзы таусылған соң ғана өлген болып есептеледі. Егер әл-Ашғари пікіріне сүйеніп жағдай өзгермейді десек онда барлық өлгендер тірі деп есептелуші еді, себебі олар өлместен бұрын тірі болған. «Жағдай ауыспайды» деген қағидасына сай олар тірі болып есептелінеді. Алайда бұл ұғым дұрыс емес. Жағдай ауысуымен үкімдер де өзгереді. Тірі болатын болса тірі, өлген болса өлі деп үкім нақты жағдайға қарап өлшенеді. Оған дәлел Құран былай дейді:

فَإِنَّ اللَّهَ يُضِلُّ مَنْ يَشَاءُ وَيَهْدِي مَنْ يَشَاءُ

«Алла қалағанын адастырып, қалағанын тура жолға салады» [8, 489 б.]. Бұл аяттан адамның бақыттылығымен бақытсыздығы өзгеретінін білеміз. «Алла қалағанын адастырады» деген аятта адам адаспастан бұрын тура жолда болғанын көрсетеді. Өйткені адасқан пендені тағы да адастыру деген түсінік ақылға тура келмейді. Адасу – тура жолға қарама-қарсы ұғым. Адам баласы бақытты болғаннан кейін

де бақытсыз да болуы мүмкін. Сонымен қатар «қалағанын тура жолға салады» деген аят адам баласы тура жолға түспей бұрын адасушылықта болады. Бақытсыздықтан бақыттылық ұғымына ауысуы мүмкіндігін білеміз.

Имам әл-Бәздауи әл-Мәтуридиден ән-Насафи ұстанымдарына қосылып былай дейді: «Бақытсыз адам уақыт өту нәтижесінде бақытты болуы мүмкін. Бақытты адам уақыт өту нәтижесінде бақытсыз болуы мүмкін. Тіпті Ібіліс кезінде періштелерге ұстаздық еткен, яғни иманды бақытты болған, кейіннен күпірлік жасағаннан кейін бақытсыз (ақыретте құтылмайтындар) қатарына ауысады» [9, 372 б.]. Әбу Суфян исламды қабыл етпестен бұрын дінсіз (бақытсыз) болғап. Кейіннен иманға бет бұрғаннан соң бақыттылар қатарына қосылған. Барлық дінсіздер әл-Мәтуридидің көзқарасы бойынша бақытсыздар болып есептеледі. Иманды болғаннан кейін бақытты болған ұғымға жатады. Барлық имандылар бақытты болып есептелінгеннен кейін дінсіздікке көшетін болса, бақытсыздар қатарына жатады. Демек жағдай өзгерісімен сол адамға өзінің деңгейінде баға беріледі.

Бадю әл-Амали кітабында былай дейілген: «Алла Тағала бақытты адамның бақытсыз болуын лаух әл-махфузда (жаратылыстың баяны кітабы) жаман амалдарының есесіне бақытсыз етіп жазады. Бақытсыз адамды ізгі амалдарының себебінен бақытты адамдар қатарынан етіп жазады» [10, 250 б.]. Алла Тағала бақыттыны бақытсыз, бақытсызды бақытты етуге шамасы келетін құдіреті шексіз. Жаратушы бір пендесін бақытты ететін болса, ол пендеге берілген Жаратушының сыйы болып табылады. Ал бір пендесін бақытсыз ететін болса Жаратушының әділдігі болып есептеледі. Өйткені Жаратушы бостан-босқа адастырмайды. Пенденің ниеті жаман болғандықтан ниетіне қарай табысы да солай болады. Алла Тағала құлдарының ниеттерін жақсы біледі. Адамдардың ізгі амалдары ақыретте бақытты болуына себеп болады, ал пенденің жаман амалдары ақыретте бақытсыз болуына себеп болады. Егер бақыттылық пен бақытсыздық өзгермейтін болғанда, пенденің ізгі амалы мен жаман амалы есепке алынбас еді. Бақыттылықпен бақытсыздыққа, бақытсыздықтан бақыттылыққа ауысуы да пенденің тағдырында болады.

Әл-Ашғари адамның бақытты болуы мен бақытсыз болуы әуеліден белгілі болып, оның тағдырында жазылған болады дейді. Әуелден

тағдырында болуы оның өзгермейтініне дәлелдігін көрсетеді. Сондықтан ол ескеуі де өзгермейді деп біледі. Әл-Ашғари сенім бағытының ірі ғұламаларыдан болған ғалым әс-Сауи былай дейді: «Адамның ақыретте бақытты болуы мен бақытсыз болуы әл-Ашғари сенім бағытында әуелден жазылған болады. Гибадат, құлшылық, иман – бақыттың белгісі. Күнә, дінсіздік – бақытсыздықтың белгісі. Соңғы сәт әуелгі жағдайын көрсетеді. Егер ажалы дінсіздікпен аяқталса, әуелгі өмірі де имансыздыққа болған болып есептеледі. Егер ажалы иманмен аяқталса, әуелден иманды пенде болып есептелінеді» [11, 238 б.]. Осы көзқарастан шығатын түйін әл-Ашғари сенім бойынша имандылықты бақыттың сипаты деп біледі. Әл-Мәтуриди бағыты бойынша имандылықты бақыттың негізі деп есептейді. Сондай-ақ, әл-Ашғари дінсіздік бақытсыздықтың сипаты десе, әл-Мәтуриди дінсіздік бақытсыздықтың түпкі негізі деп пайымдайды.

Әл-Ашғари сенім бағытын қолдаушы болған ғалым әл-Байжуридың пайымдауынша: «Ақыретте адам баласы бақытты немесе бақытсыз болуы Алланың ілмінде болады. Алла Тағала пендені жаратпастан бұрын оның кім болатынын қандай амалдармен шұғылданатынын біліп оны тағдыр етеді» [12, 173 б.].

Әл-Ашғари бақыттылық пен бақытсыздық өзгермейді деген ұстанымының тағы бір себебі – амалдардың соңғы сәтіне назар аударады. Ал соңғы сәтіндегі амалы өзгермейді, пенде пәниден бақиға көшкенде соңғы амалынан басқа амал жасай алмайды және соңғы амалы өзгермейді. Ал адамның соңғы амалы Алланың әуелден жазған тағдырында болады дейді.

Әл-Әлләмә Абдулғани әл-Ғұнайми әл-Ханафи былай дейді: «Алла пенденің тағдырында бақытты қылған пенде ғана бақытты болып есептелінеді де, бақытсыз деп жазған пенде ғана бақытсыз болып табылады және тағдыр өзгермейді» [13, 82 б.]. Көзқарасын қуаттау үшін Құрандағы аятты келтіреді. Құранда:

مَا يَنْتَظِرُ الْقَوْلَ لَدَيَّ وَمَا أَنَا بِظَلَّامٍ لِلْعَبِيدِ

«Менің алдымда сөз ауыстырылмайды. Сондай-ақ құлдарыма әділетсіздік істемеймін» [8, 341 б.]. Алла Тағаланың тағдыры өзгертілмейді. Егер пендеге бақытты болуды жазатын болса бақытты болады. Егер пендеге бақытсыздықты (дінсіздік) жазатын болса бақытсыз болады деп түсіндіреді. Жаратушының аятының жалғасына назар салатын болсақ

«сондай-ақ құлдарыма әділетсіздік істемеймін» деген иләһи сөзді көреміз. Демек, Жаратушы Алла Тағала пенделерінің тағдырын жазбастан бұрын ол пенде пәни дүниеде қалай өмір сүретінін, ниетін және амалдарын да біледі, содан кейін оны тағдыр етіп жазады. Әрине бұлай тағдыр ету пендеге зұлымдық, әділетсіздік болып есептелінбейді. Өйткені Алла Тағала тағдыр өзгермейтінін айта отыра құлдарына зұлымдық жасамайтынын айтып жатыр.

Әл-Баздауидің көзқарасы бойынша ақыретте бақытсыз болатын пенде бақытты болып қалмайды, сол сияқты ақыретте бақытты болатын адам бақытсыз болып қалмайды.

Әл-Мәтуридидің осы мәселеде Ашғари бағытымен келіспейтін пікірлері орын алады. Әл-Мәтуриди пікірінше: «Пенде ғибадат жасап Алланың сүйікті пендесі болып өмір сүретін болса соңғы демінде дінсіз болып бақиға көшетін болса қалайша әуелден дінсіз болып есептелінеді?!» [7, 87 б.]. Әл-Мәтуридидің көзқарасы осы орында абзал болып саналады.

Әл-Ашғари сенім бағытының өкілі Ибн Фурриқ әл-Мәтуридидің көзқарасын ұстана отыра былай дейді: «Кімде-кім Жаратушы алдында мүмін болса, соңғы бітімі де мүмін (сенуші) болады. Сондай-ақ Алланың махаббаты оған болады. Қияметте иманды болған бақыттылардан етіп жазылады» [14, 314 б.]. Оған дәлел ретінде Құрандағы аяттарды келтіреді. Құранда Алла Тағала былай дейді:

فَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ خَيْرًا يَرَهُ وَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ شَرًّا يَرَهُ

«Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді. Ал және кім тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны көреді» [8, 657 б.]. Бұл аят екі адамның оқиғасы жайлы түскендігі айтылады. Бірінші адам әрдайым жақсылық жасауға әрекет жасайды. Ал екінші адам – қателіктер жасап ақыреттен үмітін үзген адам. Екінші адам: «күнәларым көптігінен жасаған жақсылығым есепке алынбайды», деп есептейді. Сол себепті осы аят түсіп адамдардың істеген аз жақсылығы болса да ақыретте есепке алынатынын баян етеді. Әрине адамға берілген уақтыншалық гұмырда жаман амалдардан алыстап, ізгі амалдарды қобейту қажеттілігін аяттан көреміз. Тағы басқа аяттап Алла Тағала пенденің істеген амалдарын кемітпей, зұлымдық жасамай сауап амалдарының есесін беретінін айтады. Құранда:

Қорытынды

وَمَنْ يَعْمَلْ مِنَ الصَّالِحَاتِ مِنْ ذَكَرٍ أَوْ أُنْثَىٰ وَهُوَ مُؤْمِنٌ
قَوْلِكَ يَدْخُلُونَ الْجَنَّةَ وَلَا يُظْلَمُونَ نَقِيرًا

«Еркектен немесе әйелден кім иман келтіруші болып, ізгі істерден істесе, міне солар жәннатқа кіреді. Түк де әділетсіздікке ұшыратылмайды» [8, 176 б.]. Қоғам ер мен әйелдерден құралған. Жақсылық жасаушы тек қана ер кісі емес бәлкім әйел кісі де жақсылық жасаушы болады. Жаратушы құлдарының істеген амалына сай сый-сыяпатын да беретінін уәде етуде. Жақсылық жасаған әрбір азамат жақсылығының нәтижесін көреді және ақыретте жәннат оларға дайындалғанын Құран аятымен уәде етілген.

Әл-Мәтуриди айтқандай пенденің өмір сүріп жатқан сәтімен оған баға беріледі. Егер пенде ізгі амал жасайтын болса сол сәтте амал дәптеріне жазылады. Оған байланысты Құранда аят баяндалады. Құранда Алла Тағала былай дейді:

فَمَنْ يَعْمَلْ مِنَ الصَّالِحَاتِ وَهُوَ مُؤْمِنٌ فَلَا كُفْرَانَ لِسَعْيِهِ
وَإِنَّا لَهُ كَاتِبُونَ

«Сонда кім иман келтіріп, жақсылық істесе, оның еңбегі босқа кетпейді. Күдіксіз оған жазамыз» [8, 336 б.]. Бұл аятта қандай адам болсын, үлкен немесе кіші, ер немесе әйел ізгі іс атқарса, жақсылығын өшпейтіндігі дәріптеледі. Мейірімді де Рақымды болған Алла Тағала пенделерінің ізгі амалдарын ұмытпайды әрі олардың еселерін береді. Демек пенделердің осы дүниеде және ақыретте бақытты болуы жеңіл екені мәлім болады.

Қорытындылай келетін болсақ, имам әл-Мәтуриди сенімі бойынша әрбір пенде өзінің істеген ісіне жауап берумен қатар, пенденің тіршілігі жағдайымен бағаланады. Егер пенде иманды болса, иманға ие болу салдарынан ақыретте бақытты жандар қатарында болады деп есептеледі. Өйткені құлшылықтар мен ізгі амалдар Алланың махаббатына себеп, Алланың махаббаты пенденің жұмаққа кіріп бақытты болуына себеп болады. Ал пенде дінсіз болатын болса, бұл оның ақыретте бақытсыздар қатарында болуына итермелейді. Күпір істер Алланың қаһарына себеп, яғни Алланың ашуы пенденің бақытсыз (тозақтық) болуына себеп. Дана халқымыздың «не ексең соңы орасын», «Дүние ақыреттің егіні» ұстанымы ислам құндылықтарымен үндес.

Имам әл-Ашғари сенім бағытының ұстанымы бойынша, пенденің соңғы ісі есепке алынады, соңғы ісі жақсы болса, оның әуелгі өмірі жақсы, сәйкесінше, өмірінің соңғы сәті имансыз болса, әуелгі өмірі имансыз деп есептеледі. Себебі пенде жақсылық жасап өмір сүрген болса, әлбетте соңғы сәті жақсы болады. Егер пенде бұрыс жол таңдаған болса, өмірінің соңғы сәті де жаман көрініс табады.

Ислам ғұламалары әһли сүнна уәл жамағат сенім мектебінің екі ұлы имамы Әбу Мансур әл-Мәтуриди және Әбу әл-Хасан әл-Ашғаридың ижтихадтары (көзқарастары) дұрыс екеніне бір ауыздан келіскен.

Әдебиеттер

- 1 Epicurus (Author) / George K. Strodach (Translator, Introduction, Commentary) / Daniel Klein (Foreword). The Art of Happiness (Penguin Classics). – Penguin Classics; Reissue edition, 2012. – 282 p.
- 2 Marcus Aurelius. Happiness: How to Achieve It. – Profile Books, 2011. – 95 p.
- 3 Грицапов А.А. Никомахова этика // История философии: Энциклопедия. – М.: Ингтерпрессервис; Книжный Дом, 2002. – 1376 с. (Мир энциклопедий).
- 4 Аль-Фараби. Указание пути к счастью // Социально-этические трактаты. – Алматы, 1973. – С. 35-36.
- 5 Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы, 1986. – 303 б.
- 6 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. – Т.1. – Алматы, 2003. – 504 б.
- 7 Әбу Мансур әл-Мәтуриди. Китаб әт-Таухид. – Бейрут: Дар Садир, 1997. – 743 б.
- 8 Құран Кәрім. Мағыналар және түсіндірмелерінің /тәпсірінің/ аудармасы. – Алматы, 2013. – 776 б.
- 9 Әбу әл-Мүгин ән-Нәсәфи. Табсыратул әдиллә. – Каир, 2005. – 840 б.
- 10 Әбу Бәкр әр-Рази. Шарх баю әл-Амали. – Бейрут, 1997. – 429 б.
- 11 Ахмад ибн Мұхаммад әс-Сауи. Шарх әс-Сауи ала жауһара әт-таухид. – Каир, 1984. – 370 б.
- 12 Ибраһим ибн Мұхаммад әл-Бажури. Ханийат имам әл-Бажури ала жауһар әт-таухид. – Бейрут, 2003. – 450 б.
- 13 Әл-Әлһәмә Абдулгани әл-Гүнайми әл-Ханафи. Шарх ақида әт-таһауия. – Стамбул, 1997. – 637 б.
- 14 Ибн Фурик. Мақалағат Әбул Хасан әл-Ашғари. – Каир, 2006. – 285 б.

References

- 1 Epicurus (Author), George K. Strodach (Translator, Introduction, Commentary), Daniel Klein (Foreword). The Art of Happiness (Penguin Classics). – Penguin Classics; Reissue edition, 2012. – 282 p.
- 2 Marcus Aurelius. Happiness: How to Achieve It. – Profile Books, 2011. – 95 p.
- 3 Gritsanov A.A. Nikomakhova etika // Istoriya filosofii: Encyclopedia. – M.: Interpress service; Knizhnyi Dom, 2002. – 1376 s. – (Mir encyclopedia).
- 4 Al-Farabi. Ukazanie puti k chastiu // Sotsialnye-eticheskie traktaty. – A., 1973. – S. 35-36.
- 5 Balasagun Zh. Kutty bilik. – A., 1986. – 303 b.
- 6 Kopeiuly M.Zh. Shygarmalary. – T.1. – A., 2003. – 504 b.
- 7 Abu Mansur al-Maturidi. Kitab at-Tauhid. – Beirut: Dar Sadir, 1997. – 743 b.
- 8 Kuran Karim. Magynalary' men tusindirmelerinin /tafsirinin/ audarmasy'. – Almaty', 2013. – 776 b.
- 9 Abu al-Muin an-Nasafi. Tabsyratul adilla. – Cyprus, 2005. – 840 p.
- 10 Abu Bakir ar-Razi. Sharkh baiu al-Amali. – Beirut, 1997. – 429 p.
- 11 Akhmad ibn Mukhammad as-Sau'i. Sharkh as-Sau'i ala zhauhara at-Tauhid. – Cyprus, 1984. – 370 p.
- 12 Ibrakhim ibn Mukhammad al-Bazhuri. Hashiyat imam al-Bazhuri ala zhauhar at-Tauhid. – Beirut, 2003. – 450 p.
- 13 Al-Alama Abdulaani al-Gunaymi al-Hanafi. Sharkh akida at-takhaiya. – Istanbul, 1997. – 637 p.
- 14 Ibn Furik. Makalat Abul Hassan al-Ash'ari. – Cairo, 2006. – 285 p.